

М. С. Сейтжанов, педагогика және басқару теориясы кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде компьютерлік сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану оқытушының біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Ал жоғары оқу орындары мамандарға қойылатын талаптардың өсуіне байланысты оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіреді, білім беруге жаңа технологиялар енгізеді. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі — қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту.

Сонымен қашықтықтан оқыту дегеніміз не?

Қашықтықтан оқыту — ол оқу процесі кезінде осы замандық компьютерлерге және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерді қолданып, сырттай және күндізгі білім түрлерін қатарлы білікті білім алудың ең негізгі түрі.

Қашықтықтан оқыту — оқытушы мен білім алушының арасын жалғастыратын білім берудің бір түрі. Мұндағы оқу үрдісі интернет желісі мен телекоммуникациялық технологиялар көмегімен іске асырылады¹.

С. В. Тевелеваның пікірі бойынша қазіргі кезеңде қашықтықтан оқытудың негізгі принциптері: оқытушы мен білім алушының тікелей кездесуінсіз интерактивті қарым-қатынас орнату және таңдаған курсы бойынша білім мен дағдыларының белгілі бір бөлігін өз бетінше игеру.

Қашықтықтан оқыту мен дәстүрлі оқыту бір-бірімен айтарлықтай ерекшеленеді. Олар:

- 1) оқытушы мен білім алушының кеңістікпен бөлінуі;
- 2) қашықтықтан оқытуға арналған материалдарды таңдауы;
- 3) білім беру процесінде білім алушының рөлін күшейту: білім беру мақсаттарының қойылуы және білім беру түрлері мен әдістерінің таңдалуы².

Қашықтықтан оқытудың жаңа технологиясы ретінде мамандандырылған ақпараттық білім беру ортасы көмегімен іске асады. Ақпараттық білім беру ортасы — деректерді беру құралдары мен әдістемелік-ұйымдастырушылықты қамтамасыз ету аппаратының жиынтығы болып табылады. Ол білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

В. В. Юртаевтың пікірі бойынша қашықтықтан оқыту процесі:

- теориялық және практикалық материалдарды өз бетімен оқыту;
- оқытушыдан тұрақты кеңес алу;
- коммуникативтік сабақтарда оқытушылардың белгілі бір жағдайларды талдау арқылы терең зерттелуін қамтамасыз етуі;
- тест тапсырмасы негізінде білімін бағалау жүйесі.

Қашықтықтан оқыту процесінде оқытушыдан білім алушыға және керісінше материалдың жеткізілуі маңызды кезең болып саналады. Оны іске асыру үшін қазіргі коммуникациялық құралдар қолданылады:

Дәстүрлі жүйелер — телефон және пошта. Бұл коммуникациялық құралдардың оқыту процесінде қолданылуы шектеулі.

Оқыту процесін телефон арқылы ұйымдастыру қиынға соғады. Ал пошта тым баяу.

Бейнеконференция. Бейнеконференция білім беру жүйесінде АҚШ-да 80 жылдары пайда болды. Бейнетелефондық конференция аса жоғары сапалы бетпе-бет диалог ұйымдастыруға мүмкіншілік береді. Оқытушы білім берушілерді шынайы уақыт режимінде көре алады. Ол материалды тәжірибелік мысалмен көркемдей алады. Фотосурет және түсті суреттер аса қыйын түсініктерді меңгеруді жеңілдетеді.

Интерактивті теледидар. Барлық қатысушыларға қарым-қатынас әсерін туғызады.

Бүгінгі күнде білім беру тиімділігі аса жоғары деңгейге көтерілді. Ең алдымен бұл ақпаратты сандық әдіспен бере бастады.

Электрондық пошта. Оның көмегімен мәтіндік, кестелік ақпараттарды және дыбыстық хабарларды жіберуге болады.

Компьютерлік бейнеконференция. Оқытушы мен білім алушыға бір мезгілде қарым-қатынас орнатуға, деректермен және бағдарламалармен алмасуға мүмкіндік бередіⁱⁱⁱ.

Қашықтықтан оқу — жұмыстан қол үзбей қолайлы уақытта кез келген жерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен оқу. Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытудың 2 технологиясы пайдаланады:

1) желілік технология — интернет арқылы оқу. Жоғарғы оқу орындарында білім беру порталында білім алушылар электрондық курстарға тіркеледі, ондағы бар материалды дәрістер және басқа оқу қорлары бойынша оқиды. Сосын автоматты түрде тестіленеді немесе тапсырмалар орындайды. Оқытушы, тапсырманы тексеріп, пікір жазып, баға қояды;

2) кейстік технология, білім алушыға оқу-әдістемелік кейс, яғни семестрге барлық материалдар мен тапсырмалар беріледі, ол тапсырмаларды орындап, график бойынша оқытушыға жіберіп отырады.

Сонымен, қашықтықтан оқыту технологиясы білім алушылардың тьютор (оқытушы-кеңесші) басқаруымен дербес оқуына негізделген. Семестр бойы кесте бойынша онлайн режимінде кеңестер беріледі. Сонымен қоса, білім алушылар бетпе-бет кеңестер немесе электрондық пошта арқылы кеңестер алуына болады. Емтихандар алдында білім алушылармен аудиториялық сабақтар да жүргізіледі.

Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары:

– заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану;

– интерактивті әрекеттесу формалары;

– сапалы білім алу;

– уақытты үнемдеу;

– ыңғайлы уақытта оқу;

– территориялық шектеулер жоқ;

– енсаулық күйі бойынша шектеулер жоқ.

Білім алушы өзіндік жұмысты дербес компьютердің, ноутбуктың, ұялы телефонның көмегімен ұйымдастыра алады. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының көлемін көбейту оқу үрдісін ақпараттық технологиялардың арқасында нығайтуға мүмкіндік береді. Әсіресе қашықтықтан оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде оқытушы білім алушылардың жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында білім алушы тұратынын ескерсек, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді. Оқытушы білім алушыға арналған өзіндік жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда оқытушының рөлі арта түседі және өзгереді. Осымен байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып жүргізілетін білім беру сапасын бақылауды дұрыс жүргізу және жүзеге асыру мәселесі туындайды.

Соңғы он жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарының бірі — білім алушылардың кез келген оқу орындарындағы оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Осылай еткенде ғана білім алушылардың бір елден екінші елге орын ауыстыруларына шектеу қойып, кедергілер туғыздан гөрі көзқарастар жүйелерінің бір арнаға тоғыстырылған идеяларымен қаруланып, білім беру

ресурстарын өзара алмастыру жағдайында болашағы зор жаңа істерді өркендете түсуге мүмкіндік туады. Коммуникациялық каналдарды ауқымды түрде тарату курсы маңызды міндеттерді ойдағыдай іс жүзінде асыруға септігін тигізбек^{iv}.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы білім алушылардың білім деңгейін көтеру.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері:

– бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;

– құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау.

Оқытушының біліктілігі мен білімділігі үйлесіп, білім алушыларға терең білімді беруге бағытталғанда ғана нәтиже анық көрінеді. Білімділік пен біліктіліктің үйлесуі өз кезегінде оқытушы мен білім алушы тарапынан елеулі еңбекті талап етеді. Қазіргі заманғы оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін сабақта пайдалану бүгінгі күннің басты талабы. Білім беру саласын дамытуға, өркендетуге байланысты қойылатын заманауи талаптар мен міндеттер өз кезегінде әр оқытушыдан жаңаша бетбұрысты талап етеді. Сондықтан оқытушылардың алдындағы басты мақсат — білім алушыға сапалы терең білімді нәтижелі әрі тиімді жолмен жеткізу. Сонда ғана біз болашақтың кілті болып табылатын жастарға заман талабына сай сапалы білім береміз.

ⁱ Дистанционное обучение: Учеб. пос. / Под ред. Е. С. Полат. — М., 1998.

ⁱⁱ Тевелева С. В. Электронный учебник как средство дистанционного обучения // Информатика и образование. — 2000. — № 8.

ⁱⁱⁱ Юртаев В. В. Телепорт СГУ открывает новые перспективы обучения // Телекоммуникации и информатизация образования. — 2001. — № 1(2).

^{iv} www.yandex.ru